



## «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн»

### Ұлттық ақпараттық науқанын (ҰАН) ұйымдастыру және өткізу жөнінде іс-шаралар жоспары

**Науқан ұраны:** «Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!»

**Ақпараттық науқан мақсаты:** бала еңбегін пайдалану проблемасына қоғамның назарын аудару

**Ақпараттық науқан міндеттері:** Еліміздің барлық өнірінде бала еңбегі проблемаларын БАҚ-та жариялау үшін журналисттерді тарту; бала еңбегін пайдалану проблемалары, оның масштабы мен сипаттары, балаға және қоғамға тигізетін әсері, сондай-ақ осы саладағы халықаралық және ұлттық заңнама негіздері туралы қоғамның, үлкендер мен балаларды қосқанда ақпараттылығын арттыру;

**Ақпараттық науқанның мақсатты тобы:** ата-аналар (заңды өкілдер), балалар, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары

**Ақпараттық науқан қатысушылары:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ішкі істер департаменттері, әкімдіктер, білім, ішкі саясат, мәдениет, еңбек және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармалары, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары

**Күтілетін нәтижелер:** қоғамның балалардың құқықтары туралы, сондай-ақ бала еңбегінің ең нашар түрлеріне тап болған жағдайда балаларға көмек көрсету түрлері туралы ақпараттылық деңгейін арттыру; балалардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету бойынша қызметке ата-аналарды, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды қатыстыруды жандандыру